

Бюджет борыштары бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 қараша N 1441

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мекемелерінің қорғаныс тапсырысын орындаған акционерлік қоғамдардан алған заттай мүлкі үшін пайда болған берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетімен бірлесіп қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес республикалық бюджетке жалпы сомасы 8 831 мың (сегіз миллион сегіз жүз отыз бір мың) теңгеге, республикалық бюджет және басқа да міндетті төлемдерге тиесілі жалпы мемлекеттік салық бөлігі бойынша есептемеге алынатын акционерлік қоғамдардың берешегін өтеуді жүргізісін;

аталған соманы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мекемелерін алған заттай мүлкі үшін берешегін өтеуге қаржыландыру есебіне есептесін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі алынған материалдық құндықтар үшін несие берешегін қаржыландыру кезінде республикалық бюджеттен бөлінетін қаражаттың есебіне есептесін.

3. Берешек есептемесі 1996 жылғы 1 қазандағы жағдайы бойынша аталған соманы республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөлігінде көрсетіле отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы
25 қарашадағы
N 1441 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігін қаржыландыру

есебіне есептемеге қабылданатын республикалық бюджетке салық және басқа міндетті төлемдер бойынша берешегі бар кәсіпорындар мен ұйымдардың ТІЗБЕСІ

Кәсіпорындардың атауы, республикалық і Есептемеге қабылданатын бюджетке салық және басқа міндетті і берешек сомасы мың.теңге төлемдердің түрлері і

1. "Алпам" акционерлік қоғамы,
Алматы қаласы, барлығы 5570

Оның ішінде:
қосымша құнға салынатын салық 5475
акциздер 95

2. "Кожмех" акционерлік қоғамы,
Семей қаласы,
барлығы 753
Оның ішінде Экономиканы жаңғырту қорына төлемдер 753

3. "Рауан" өндірістік-сауда фирмасы, Өскемен қаласы,
барлығы 2508
Оның ішінде:
Экономиканы жаңғырту қорына төлемдер 316
заңды тұлғалардан табыс салығы 2192

ЖИЫНЫ:

8831

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК